

*« Ақмола облысының білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ-нің 2021-2022 оқу жылына арналған
кітапхана есебі*

Мектеп кітапханасы – мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі оқу-тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс-шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап оқитын қоғам қашанда бәсекеге қабілетті. Оқырмандардың рухани құндылығы мен адами құндылығын мол етіп тәрбиелеу жолдарының бірі - кітап оқуға баулу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық, білімдік қасиетін дамытары анық. Ол үшін электронды, ақпараттық қорлардың жиналуын, сақталуын және тиімді қолданылуын қамтамасыз ету, кітапхана қорымен жұмыс жасата білу. Жыл сайын кітапхана өзінің кітап қорын кеңейтуде, оқырмандардың сұраныстарын орындауда.

Жыл сайын кітапхана өзінің кітап қорын кеңейтуде, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыратын көптеген ақпараттық басылымдарға жазылып, дәстүрлі «Кітап сыйлай білесің бе?» акция жұмысын жалғастырып, көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу. «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» бұл сөзде көп ойларды тоқуға болады.

Барлық кітаптардың саны – 9796

Оқулықтар саны – 4702

Электрондық оқулықтар саны-400

Әдеби кітаптар - 5094

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100% оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мектепте **489** оқушы бар. Бірінші кезекте мектептегі жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен толығымен қамтамасыз етілді. Биыл жаңа кітап қоры көбейді осы оқу жылында келген оқулық 5975772тгал әдеби кітаптар 134 келд-163934 тг болды.

Мектеп кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып жүргізіледі. Мысалы ,

« Ана тілі – жүрек үні», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Тәуелсіздік –елдің ертеңі, білімді ұрпағында », «Қазақ салт дәстүрі » онлайн челленджі , «Кітап асыл - қазына», Мұқағали, Абайдың , Махамбет , Алтынсарин оқулары» т.б көптеген іс-шараларды мектеп ішінде және онлайн форматта өткіздік .

2020-2021 оқу жылында кітапханада жыл бойы төмендегідей көрмелермен сонымен қатар әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізіледі.

«Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай кітап көрмесімен қатар оқушыларға ақының өмір баянын таныстырып өлең жолдарын жаттауға ұсынылды.



«Ертөстік», «Алтын сақа», «Алпамыс», «Күнастындағы Күнекей қыз» ертегілер бойынша қойған жоспарлар бойынша 1-5 сынып аралығына қазақ ертегілерінен мазмұндау жарысы өткізілген. Соның нәтижесін шығарып оқушыларды марапаттадық. 1а- сынып оқушысы Бағдаулет Асанәлі ертегілер мазмұндаудан алға шығып бірінші орын иеленді. 2-орынды 4а-сынып оқушысы Серікболұлы Азамат иеленсе 5 а –сынып оқушысы Болатбек Айдар , 2ә – сыныптан Дүйсен Балжан 2а-сыныптан Абилхайырова Фатима , 3а –сыныптан Манарбекқызы Нұрзада жақсы қатысып марапатталды.



Мектепке Ресурс орталығы оқушыларына мектеп кітапханасын таныстырып, әрі олармен кітап оқу жөнінде пікір алмасып оларға «Тәуелсіздік және Абай» атты кітап көрмесімен таныстырдым .



Тәуелсіздігіміздің 30 жыл толуына орай президентіміз Қ.К.Тоқаев мырза «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын 9 сынып оқушыларымен дөнгелек үстел өткіздім . Тәуелсіздігіміздің 30 жыл толуына орай кітап көрмесі қойылды .



Бастауыш сыныптар арасында, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер еліне саяхат» атты байқау өткізілді. Ертегі көрінісін ойнау барысында, әрбір оқушы өзіне берілген кейіпкердің бейнесін толықтай алып шықты. Оқушылардың костюмдері және қойылым кезіндегі іс-әрекеттері көз тартарлық, басқа сыныптастарына қызықты болды. Байқау нәтижесін арнайы комиссия мүшелері бағалап, марапаттады. Байқауда үздік болып, I орынға ие болған 2 «ә» сынып оқушылары. II орынға ие болған, 3 «а» сыныбы және III орынға ие болған 1 «ә» сыныбы.



Жоспар бойынша, 5-8 сыныптар арасында Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін, шығармаларын онлайн мазмұндау байқауы өткізілді. Байқаудың басты мақсаты: оқушылардың әдеби сөз қорын қалыптастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Байқауға 25 оқушы қатысып, I, II, III орын алғысхатпен марапатталды.

Ақпан айында, Мұқағали Мақатаевтің 90 жылдығына орай Мақатаев оқулары өтті. Оқуға мектептегі барлық оқушылар ат салысты. Соның ішінде, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан 9 сынып оқушылары қойылым көрсетті. Өте әсерлі қойылым болды.



1 сәуір Балалар кітап күніне арналған «Жаңа кітап, жан азығы» кітап көрмесі қойылып, балаларға арналған әдеби кітаптардан, сұраққа жауап берген оқушыларға Айгөлек журналын естелікке берілді. Көрмеде жаңадан келген ертегі кітаптар таныстырылды.

Жоспарға сәйкес, сәуір айында бастауыш сыныптар арасында Махамбет, Абай, Мұқағали оқулары өтті.



Ресурс тірек мектеп орталығының үшінші сессиясында 8-9 сынып оқушыларына «Мұқағали шығармалары» атты дөңгелек үстел өткізілді. Тірек мектеп оқушылары ақиық ақынның шығармалары туралы айтып, талқылады және өлеңдерінен үзінділер оқыды.



Сәуір айының 12 күні Ұшқыштар күніне орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Фейсбук әлеуметтік желіге бейнеролик жарияланды.



Мамыр айының 1 күні Халықтар бірлігі күніне арналған 9 сынып оқушыларымен «Бірлігі жарасқан Қазақстан» атты дөңгелек үстел өткізілді.



9 мамыр Жеңіс күніне орай мектебіміздің фейсбук парақшасына ауданымыздың соғыс ардагерлері туралы бейнеролик жарияланды.

15 мамыр Отбасы күніне арналған 8 сынып оқушыларымен «Отбасы, отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері» атты дөңгелек үстел өткізілді.



Оқу жылына арналған жоспар бойынша мектеп кітапханасы өз жұмысын уақытылы атқарды.